

**Е. Хабаров, 2-курс**

**Ғылыми жетекшісі: А. Б. Жумашева, оқытушы, заң ғылымдарының магистрі**

**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)**

## ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР — ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ

Патриотизм — ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің құрылымдық элементі. Елбасы Н. Назарбаев халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз», — деп атап өткен болатын. Жиырма жылдан астам уақыт бойы қазақстандық қоғам тіршілігінің барлық жүйесінде жүріп жатқан түбегейлі жаңару үдерістері едәуір дәрежеде оның мәдени-әлеуметтік саласын да қамтыды. Бүгінде халқымыздың тарихи тәжірибесін қайта бағалау, дәстүрлі-өнегелік негіздерді өзгерту және соның нәтижесінде қазақстандықтардың жаңа саяси санасын қалыптастыруға талпыныстар жасалуда. Бұл үдеріс бірнеше құрамдас бөліктен тұрады:

1. Саяси жүйе туралы, саяси институттар, демократиялық тұрғыдан саяси процестерге қатысу механизмдері туралы жаңа білім жинақтау. 2. Тарихи тұрғыдан орныққан қоғамдық құндылықтарды өзгерту, олардың ішінде мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен өмірге қабілеттілігін, ұдайы өндірісін нығайтуда патриотизм маңызды рөл атқарады.

Мемлекетіміздің саяси тарихында қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие. Өз елінің мүддесіне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек. Бұл биік сезім өз елінің тағдыры үшін жауапкершілікті түйсінудің дейін ұлғаяр болса, ол жекелеген адамдардың күнделікті іс-әрекетіндегі маңызды серпінге, осыдан келіп, тұтастай қоғам ілгерілеуіндегі қуатты қозғаушы күшке айналады. Дәл осы патриотизм қоғамның саяси бірлесуі мен тұтасуына септеседі немесе, керісінше, қоғамның ыдырауы мен бөлінісіне әкеліп соғады.

Қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде шынайы бағдар бола алады. Ұлттың тарихы туралы, оның өткен замандағы басқа ұлыстармен қатынастары туралы ұғымдарға көп ретте халықтың ұлтаралық қарым-қатынас өрісіндегі саяси бағдары байланысты. Өз тарихын білу — ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындардағы ұдайы өндірісіне септеседі. Жеке тұлғаның өз халқымен бірлігін сезінушілігі өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры да, олардың нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы да сезінуін дйттейді.

Қазақстан тәрізді көпұлтты елде жалпықазақстандық патриотизм ұлттық және жалпыадамзаттықтың үйлестігінсіз болуы мүмкін емес. «Қазақ идеясының» басқа халықтардың мәдениетін, әдет-ғұрпы мен тарихи жолын құрметтеушілік идеясымен теңдестігі қазақтардың өзіндік ерекшеліктерінің өзге ұлттардың мәдени-өркениетті ерекшеліктерімен үйлестікте сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті басқа халықтармен өзара қатынастарының тиімді үлгісі болып қызмет ете алады. Бұған қоса, бұндай үйлесім ұлыстардың ұлттық ар-намысына қысымшылықсыз мәдениеттердің, ұлттардың өзара байытылуына әкеліп қана қоймай, сонымен бірге қоғам өміріндегі жаңа жетістіктерді жеделдетуші болып табылатыны да заңдылық.

Қазақстан — тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы — Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды. Ассамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды. Ассамблеяның басты мақсаты: Қазақстандағы барлық этностың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз ету; өркениетті және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Ассамблеяның өткізген барлық сессиясында Президент Н. Назарбаев Қазақстанда ұлтаралық татулық пен келісімді нығайта беру бағытында ізденістерді жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударып отырады.

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Қазақ елі өткен 23 жылда қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімін орнықтырдық. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды», — деді. Осындай жетістіктер қандай еңбектің арқасында дегенде, дана халқымыздың «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген мақалын мысалға келтіруге болады. Барлық жеңіс пен жетістіктер Қазақстанды мекендеген көп ұлттың арасындағы достық, татулық пен бірліктің арқасында жүзеге асуда. Көп ұлттың осылай ұюына себепкер болып отырған ұйым — Елбасымыз басшылық етіп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы.

Қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп, бейбітшілікке бөлеген Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл — 20 жыл. Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды.